

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

**БАСПАСӨЗДЕГІ КРЕОЛДЫ МӘТІНДЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК-
ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

Данияр Әлия Ахмедияқызы

aliya_daniyarova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 3-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент М.К.Ахметова

XX ғасырдың соңынан бастап қазіргі кезеңге дейін тіл білімі саласы зерттеу ауқымын кеңейтіп, тіл білімінде жаңа ғылыми зерттеулердің пайда болуына әсер етті. Соның ішінде қазақ тіл білімінде өз алдына дамып келе жатқан жеке сала ретінде мәтін лингвистикасын айта аламыз. Қазіргі таңда мәтінтүзімде тілдік бірліктермен қатар бейвербалды құралдардың да кеңінен жұмсалуды арнайы зерттеу нысаны ретінде алынып, тілшілердің қызығушылығын тудырып отыр. Әсіресе, газет мәтіндерінде коммуникативтік қызметті атқаруда тілдік және паралингвистикалық құралдардың алар орны ерекше. Мәтін коммуникацияның негізгі әрі басты бірлігі ретінде зерттеушілердің қызығушылығын тудырып, түрлі функционалдық стильдердегі мәтін, олардың тұтасымға ұйымдасуы, хабарды жеткізудегі қызметі, мәтіндегі таным, композициялық-сөйлеу формалары, мәтін интерпретациясы, көп пропозициялы дискурс т.б. мәселелер прагматикалық, когнитивтік, психоллингвистикалық, функционалдық бағыттармен сабақтастықта дамуда. Соңғы жылдары ақпараттық заманның қарқындылығына, қоғамда қарым-қатынас жасаудың сан түрлі көздерінің пайда болуына байланысты, ақпараттың қабылдаушыға тілдік бірліктер арқылы жеткізілуімен қатар, бейвербалды амал-тәсілдердің де қатысымдық қызметте жұмсалуды ерекше назар аудартып отыр. Қазақ тіл ғылымында осы бағытта зерттеулер жүргізіліп, паралингвистикалық құралдардың қызметі жан-жақты айқындалу үстінде (Б.Момынова, Қ.Есенова, Ж.Нұрсұлтанқызы, С.Бейсембаева, Э.Оразалиева, Т.Мырзахметова, Ш.Зекенова т.б.).

Газет (журнал, интернет желісіндегі газет) мәтіні – семантикалық құрылысы, атқаратын қызметі, интерпретациялануы жағынан ерекшеленіп тұрады. Ол бұқара аудиторияға ақпарат таратып, жеткізудің ерекше құралы ретінде танылып, автордың өзіндік ұстанымын көрсетеді. Медиа-мәтіндер журналист-тілшілер мен оқырман арасындағы өзара байланысты жүзеге асырады. Қазіргі таңда заман талабына сай БАҚ-тағы барлық материалдарда (газет, журнал, желілік сайттардағы газет-журналдар мәтіндері) тек сөйлемдер тізбегінен тұратын мәтін ғана беріліп қоймайды, тілдік бірліктермен бірге фотобейнелер, суреттер, карикатуралар, әр түрлі кестелер, сызбалар, символдар, графикалық таңбалар және т.б. араласып қолданылады.

Қазақ тіл білімінде алғаш рет А. Байтұрсынұлы жалқылаулы-жалпылау әдісті қарастырып, оның ішінде сурет (сүгірет) арқылы балаларға сөз мағынасын түсіндіру туралы сөз қозғаған болатын [1, 339]. Бұл - сөз бен суреттің мағыналық байланысын, тілдік бірліктің мән-мазмұнын паралингвистикалық амал-тәсіл арқылы да түсіндіруге, толықтырып, нақтылауға болатынын айтқан құнды пікірі еді. 1930 жылдары орыс тіл білімінде А.А. Реформатскийдің: «Лингвистика призвана исследовать взаимодействия внешнего (полиграфического) и внутреннего (литературного и языкового) оформления текста, их органического вращающегося одного в другой в целях максимального воздействия издания на читателя», - деген пікірі арқылы оқырманға ерекше әсер етуші ақпаратты жеткізуде әртекті құрылымнан тұратын мәтін қызметінің айрықша екеніне назар аударғаны аңғарылады [2]. Бүгінгі күні ғалымдар пікірінің өзектілігі талас туғызбайды, керісінше, газеттерде суреттің сөзбен бірге қолданылуы БАҚ-тағы жаңа қолданыстағы мәтін сипатын айқындап, оның сұранысы мен әуелетін арттыра түсуде.

БАҚ тілінде безендіру, көркемдеу құралдары бірте-бірте кеңейіп, паралингвистиканың бейвербалды құралдарының қатарынан орын алуда. Паралингвистика – (грекше para – маңы

және лингвистика) – хабарланатын ойдың, пікірдің вербалды (сөзбен білдіру) тәсілдерімен қоса сөйлеу үстінде қолданылатын вербалды емес (тілден тысқары) амалдармен берілуін зерттейтін тіл білімінің саласы. Сонымен қатар сөйлеу кезінде қолданылатын вербалды емес тәсілдердің жиынтығы екенін білеміз. Мәтін кеңістігінде паралингвистикалық құралдар төмендегідей ажыратылады:

- a) мәтіннің вербалды бөлігіне жақындастық дәрежесімен;
- b) мәтін құрылымын ұйымдастырудағы рөлімен;
- c) мәтіндегі өзінің атқаратын қызметтерімен.

Паралингвистикалық құралдардың мәтіндегі алатын орны бірқалыпты дәрежеде болмайды. Бір жағдайларда, мәтін құрылымында паралингвистикалық құралдардың болуы тек мәтіннің адресатқа тұрпаты жағынан жеткізілуін білдіріп, сыртқы безендіруді ғана қамтиды. Мәтіннің мазмұнын қозғамайды немесе мазмұнды білдіретін қызмет атқармайды. Ал, кейбір жағдайларда, мәтіндегі паралингвистикалық құралдар мәтіннің сыртқы тұрпатын да, мәтін мазмұнын жеткізуде де аса маңызды қызмет атқарады. Бұл сипаттағы мәтіндерді паралингвистикалық **белсенді мәтіндер** деп атайды. Паралингвистикалық белсенді мәтіндердің ең негізгі тобына креолды мәтіндер жатады [3, 7-8]. Олар белгілі бір ақпаратты жеткізе отырып, мұндағы бейвербалды құралдар адресаттың назарын аудартып, адресатпен визуалды түрде байланысты күшейтеді.

Креолды мәтіндер қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратқа ие болудың басым нысандарының бірі болып табылады. Сол себепті, креолды мәтіннің коммуникациядағы рөлі ерекше. Олар тілдік бірліктер мен тілдік емес бірліктерді ұштастыра алу қасиетімен БАҚ-тың негізгі өнімі болып саналады. Соның ішінде баспасөзде коммуникацияны іске асыруда кең ауқымда креолды мәтіндер қолданылады.

Вербалды және бейвербалды құралдардың өзара арақатынасынан туындаған мәтіннің коммуникативті бірлігі мен прагматикасын көрсете алатын және оны мәтін лингвистикасы тұрғысынан кең мағынада түсіну лингвистикадағы креолды мәтіннің мәртебесі мен дәрежесінің өзгеруіне алып келді. Семиотикалық күрделенген мәтін бола тұра, креолды мәтіндер қазіргі таңда тек «заңды емес», сонымен қатар лингвистикалық зерттеулердің ішіндегі ерекше бір актуалды объектіге айналды. Соған қоса, алдыңғы қатарға креолды мәтіннің типологиясын құру, мәтіндік табиғатын ашу мен зерделеу шығып келе жатыр.

Ғалым Е.Е.Анисимова креолды мәтінді ең негізгі лингвовизуалды феномен дей келе, мынадай анықтама береді: «Креолды мәтіндер дегеніміз – әртекті екі бөліктен: вербалды және бейвербалды құралдардан тұратын мәтіндер» [3, 59]. Креолды мәтіндердің негізгі компоненттеріне вербалды бөлігі және бейвербалды бөлігі жатады. Әр түрлі мәтін типтерінде олар түрлі комбинациясында кездеседі. Креолды мәтін бүгінгі таңда семиотикалық жүйенің түрлі элементтерін қолданатын поликодталған мәтін болып саналады.

Креолды мәтіндердің белгілі бір тұрақты түрлері болмайды. Олардың зерттелген түрлеріне плакат пен жарнама және ерекше құбылыс – карикатураны атауға болады. Ал мәтіндегі бейне мен мәтіннің бірлестігінен креолды мәтіннің ерекшелігі анықталады. Бейне түрлі дәрежеде мәтін құруға араласып тұрады. Кейбір креолды мәтін құрудағы бейненің сипаты мен қызметі негізінде мәтінді **жартылай** және **толық креолданған мәтіндер** деп бөлуге болады. Осындай түрлерге ажыратылуы мәтіннің креолдану үрдісіне байланысты.

Жартылай креолданған мәтінде мәтіннің вербалды бөлігі мен бейвербалды бөлігі тең қатынаста болады. Бұл түрге жататын мәтіннен бейнені немесе т.б. бейвербалды бөлігін алып тастаған жағдайда мәтіннің құрылымы мен мазмұнына еш нұқсан келтірмейді. Мәтін бөлігі бұл жерде жеке тұрып та белгілі бір қызмет атқара алады. Көбінесе жартылай креолданған мәтіндер газеттерде, ғылыми және көркем әдеби мәтіндерде кездеседі. Жартылай креолданған мәтіндердің қолданысы қазіргі таңда жиі кездеседі.

Толық креолданған мәтіндерде мәтіннің вербалды және бейвербалды компоненттері бірлесіп, жымдасып қызмет атқарады. Мәтін бөлігі креолды мәтіннің қажетті компоненті болатын бейвербалды бөлігіне тәуелді болады. Креолды мәтіннің бұл типіне жарнама мәтіндерді, афиша-плакаттарды, ғылыми- техникалық мәтіндерді жатқызуға болады. Бұл

мәтіндер көбінесе жарнамалық үлгідегі афишаларда, карикатураларда, инфографикаларда және т.б. кездеседі.

Креолданудың ең негізгі тәсілі боп мәтіндегі тілдік құралдар мен бейтілдік құралдар (сурет) бірігіп, лингвовизуалды байланыстық тұтастыққа айналуы саналады. Бұл тәсіл бойынша ғалым Д. П. Чигаев креолданудың ең басты 3 моделін көрсетеді:

1) вербалды мәтін+бейне (сурет): байырғы вербалды мәтінге бейне қосылады;

2) бейне + вербалды мәтін: иллюстрациялық визуалды бөлікке вербалды бөліктің қосылуы;

3) вербалды мәтін = бейне: мәтін бастапқыдан креолданған мәтін болып құрылады, вербалды және бейвербалды компоненттері арнайы түрде олардың бір-бірімен байланысқа түсіуі үшін таңдалынады [4, 12].

Фотосурет арқылы автор мәтіндегі айтар ойын, одан сайын өзектендіріп, мәтіндегі хабарды фотоаппаратпен толықтыра түседі. Ондағы мақсат – коммуникацияның толық жүзеге асуы, автордың айтайын деген ойын көпшілік оқырманның түсінуі. Кейбір медиа-мәтіндерде фотобейнелер кеңінен орын алса, кейбіреулерінде фотоаппараттық емес бейнелер қолданылған. Олардың қай-қайсысы да вербалды мәтіндегі ойды айқындап, толықтырып, коммуникативтік, прагматикалық қызметті атқарып тұрады. Сайлау тақырыбына байланысты креолды медиа-мәтіндерде берілген әр түрлі суреттер адамдардың ойына бірден сайлау туралы ұғымды қалыптастыруға ықпал етеді.

Мысалы, «Халық» газетінде (№5 (807), 4 ақпан, 2016 жыл) берілген төмендегі креолды мәтінді көре аламыз (1-сурет):

1-сурет

Партиялар пәрмені



Қазақстан орталық сайлау комиссиясы (ОСК) елімізде ресми тіркелген 7 партияның тізімін жариялады. Олардың ішінде «Азат», «Ақ жол», «Ауыл», «Бірлік», ЖСДП (Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы), Қазақстан коммунистік халық партиясы және «Нұр Отан» партиясы бар.

Бұл креолды мәтінде ең алдымен, *тақырыпат*, тақырыпқа қатысты фотоаппараттық емес бейне – *сурет*, содан кейін *мәтін* берілген. Тілдік және тілдік емес бірліктер ортақ коммуникативтік мақсат үшін жұмсалған. Мәтінге арналған сурет тек ашық көк түсті және ішіндегі адам кейпіндегі мүсіндер (олар да көк түсті) жекелеген партиялардың таразыға түсуін бейнелейді. Саяси тақырыптағы мәтінге арнайы қосымша сурет беруі автордың өзіндік прагматикалық ұстанымын көрсетеді. Көрсетілген мәтін жартылай креолданған мәтін болып табылады. Бұл креолды мәтін саяси коммуникацияны жүзеге асырып тұр. Саяси коммуникация жүйесі белгілі бір саяси мақсатқа қол жеткізу үшін қоғамдық санаға әсер ету құралдарынан тұрады.

Бейне мен фотосурет мәтін тақырыбы сияқты креолды мәтінде маңызды рөл атқарады. Мәтіннің вербалды бөлігімен бейнелік суреттерді бірге қолдану мәтін мазмұнын қабылдауды өзгертетіні белгілі. Егер бұл бейвербалды құралдар дұрыс қолданылмаса, онда креолды мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық қызметі толық жүзеге аспайды. Мұндай құралдарды қолданудың оқырманға берер әсері мол. Себебі оқырман ақпараттың шынайлығына көз жеткізуі керек. Сапалы фотобейне - бейнені айқын беріп, мәтіндегі ойдың

шынайы екендігіне сендіреді. Көздеген мақсатқа жету үшін бейнелік реттеуіштерді (графикалық редакторлар): бояу, көлем, коллаж, т.б. тиімді қолдану қажет. Адресатқа жағымды әсер ету үшін фотоаппаратта жансыз бейнелерге қарағанда жанды бейнелерді (адамды, жануарды) пайдалану тиімдірек. Сонымен қатар, бейнеге (иллюстрацияға) қарағанда фотосуреттер ойда жақсы сақталады. Себебі, адресатқа шынайылық маңызды болып табылады. Креолды мәтіннің бұл үлгісіне төменде берілген мәтін мен суреттің байланысын алуға болады (2-сурет):

2-сурет

Терезеге телмірген тағдыр



«Ана тілі» газеті (26.06.04.№ 33 (1291) 1 қазан, 2015 жыл) «Көкейкесті мәселе» айдарымен жарық көрген «Терезеге телмірген тағдыр» атты орта көлемді, проблемалық мақаланың интерпретациялануына тоқталайық. Ең алдымен көзге түсетіні – газет мәтіндерінде кеңінен қолданылатын, мәтіннің прагматикалық құндылығын арттыру мақсатында жұмсалатын қайталамалардың бір түрі дыбыстық қайталама (аллитерация) арқылы берілген тақырыпат (Терезеге телмірген тағдыр). Содан соң мақала мәтінінің бас жағына қойылған фотоаппараттық бейне. Бұл – мәтінге зейін қоюдың, назар аударудың және сурет арқылы адресатпен коммуникативтік байланыс орнатудың көрінісі. Тақырыпаттан кем түспейтін «Жетім бала – жасқаншақ» тақырыпшасындағы жетім бала тіркесінің эпитетпен берілуі газет мәтінінің прагматикалық әсерін күшейту үшін қолданылған. Бұл мәтін де жартылай креолданған мәтін. Берілген мақала бойынша креолды мәтін құрылымының төменгідей схемасын көрсетуге болады:

тақырыпат ↔ фотоаппараттық бейне ↔ мәтін

Ғалым О.В. Пойманованың пікірі бойынша, «бейне мәтінді толықтырып қана қоймайды, оның семантикасына да енеді». Демек, О.В. Пойманова жазбаша да, визуалды түрде де таралатын, бірқатар өзіндік белгілері арқылы анықталатын креолды мәтіндерді (автордың терминологиясында видеовербалды мәтіндер) төменгідей ажыратады:

Гетерогендік сипаты бойынша:

- нөлдік деңгей (таза вербалды немесе бейвербалды (бейнелі) мәтін);
- нөлдік емес деңгей (вербалды және бейнелік компоненттердің тіркесуі).
- **Бейнелік компоненттің сипаты бойынша:**
- статикалық (мәселен, газет-журналдағы жарнама, плакат)
- екі өлшемді (кітаптағы видеовербалды мәтін, кино және т.б.)
- үш өлшемді (театрлық қойылымдағы видеовербалды мәтін).

Әр түрлі таңбалармен белгіленген мәлімет көлемі және суреттің рөлі бойынша:

- даярлық (сурет негізінен вербалды мәтінді қайталайды бірақ берілген таңбалардың ерекшелігінен толық қайталану жүзеге аспайды);
- аддитивтік (сурет түбегейлі қосымша мәліметті енгізеді);
- ерекшелегіш (бейне вербалды мәтін арқылы берілген ақпараттың қандай да бір бөлігін ерекшелейді);
- оппозициялық (бейне арқылы жеткізілген мазмұн вербалды мәтіннің ақпаратымен қарама-қарсылықта болып, нәтижесінде көбінесе күлкілі әсер пайда болады);

- интегративтік (бейне көп жағдайда вербалды мәтінге кірістіріледі немесе вербалды мәтін ақпараттың тең дәрежеде жеткізілуі үшін екі компонентті тұтастырып, бейнені толықтырады);
- бейнелеу (доминантты рөлде бейне болады, ал вербалды бөлік тек берілген бейнені айқындайды және түсіндіреді) [5].

Бұл құрылымдардан біз креолды мәтіннің ерекшелігін және оның өзіндік белгілерін көре аламыз. Демек, креолды мәтіннің компоненттерінің сипаттарын анықтайтын категориялардың болуы креолды мәтіннің ең негізгі қызметін көрсете алады.

Келесі мысалымыздағы креолды мәтін өзіндік белгілермен ерекшеленеді дей аламыз.

3-сурет

«Ішкені – ірің, жегені – желім» болған халқымыз қашанғы шетелдік азық-түлікті тұтынбақ?



Бұл креолды мәтін толық креолданған және «вербалды мәтін = бейне» схемасы бойынша жүзеге асып тұр. Себебі, креолды мәтін өзіндік қызметін толығымен атқарып тұр. Мақала тақырыпатының тілімізде бұрыннан бар, көпшілікке белгілі тіркестердің ешбір өзгеріссіз, бастапқы қалпында қолданылуы («Ішкені – ірің, жегені – желім») қазақ баспасөзінде жиі кездесетін дәстүрлі қолданыс екені белгілі және осыған орай, оқырманмен коммуникативтік байланысты оңай орнатады. Ал прагматикалық қызметі сурет арқылы байқалады. Себебі, берілген фотобейненеде түрлі фотосуреттер бірігіп, бір бейнені көрсетіп отыр. Фотобейне арқылы автор адресатқа:

- 1) тағам өнімдерінің шет елдерден екенін;
- 2) түрлі тағамдар мен төгілген сүт қаңқа бейнесін суреттейді;

3) шұжықтардан бейнеленген «X» бейнесі тоқтату қажет, тосқауыл қою керектігін көрсетеді. Бұл креолды мәтін оқырманға астарлы ой тастайды. (Жас Алаш №27 (16005) 7 сәуір, сейсенбі 2015. «Ішкені – ірің, жегені – желім» болған халқымыз қашанғы шетелдік азық-түлікті тұтынбақ?) Берілген мәтінді толық креолданған деуге болады. Себебі, мәтін мен бейне ара қатынасы тепе-тең.

Креолды мәтіннің құрылымдық гетерогендік бірліктері логикалық байланысқа ие. Сол арқылы оқырман қандай да бір тақырыпқа жазылған креолды мәтінді еске алғанда ең бірінші ассоциация сол мәтіндегі фотобейнелер мен өзге де бейвербалды құралдардан туындайды. Мәтіннің қарпі де креолдық мәтіннің аса қажетті композициялық элементі, оның вербалды бөлігін безендіретін материал және дербес көркем форма болып табылады. Әріптаңба да мәтінде: аттрактивті, мәнайырғыштық, экспрессивтік, символдық, эстетикалық, сипаттамалық қызметтердің бірін атқаратындығына көз жеткізілді.

Креолданған мәтіндердің әлемі кең және әр алуан. Себебі, олар газеттік, ғылыми-техникалық, нұсқама-мәтін, бейнелері бар көркемдік мәтін, жарнамалық мәтін, афиша, комикс, плакат, үндеухат мәтіндерін қамтиды. Креолды мәтіндердің рөлі біртіндеп БАҚ-тағы фотобейнелердің рөлінің күшеюіне байланысты ауқымдылық күшке ие болып, даму үстінде және қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне жауап беретін сөйлеу коммуникациясындағы жаңа процестің дамуына да үлесін қосып келеді.

Қорыта келе, лингвистикалық және бейлингвистикалық құралдардан тұратын жазбаша формадағы креолды мәтін тіл дамуының белгілі бір кезеңіндегі жаңалықтар мен ерекшеліктерді айшықтай отырып, сол арқылы бүгінгі тілдік субъектінің құзіреттілігін де

көрсететін құнды материал ретінде үлкен маңызға ие. Құрамындағы бейвербалды құралдардың қатысуына байланысты, креолды мәтіннің коммуникативті-прагматикалық қызметтері, қазіргі таңда газеттердегі қолданысы, креолды мәтін құрамындағы компоненттердің орналасу деңгейі мен ерекшелігі анықталып, бейвербалды құралдардың ішіндегі бейненің креолды мәтіннің негізгі компоненті екені анықталды. Бұл мәтіндер - автордың белгілі мақсаттары үшін пайдаланылып қоймай, сонымен қатар мәтіндегі айтылатын ойдың мазмұнын ашып, мәнін толықтырып, оқырманның жан дүниесіне жол таба алатын қолданыс. Сондықтан БАҚ-тағы креолды мәтіндердің паралингвистикалық компоненттерін, олардың ерекшеліктерін анықтау өзекті мәселелердің қатарында деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 3-том. - Алматы "Ел-шежіре", 2013. - 384 б.
2. Реформатский, А.А. О перекодировании и трансформации коммуникативных систем. - М.: Наука, 1963. – 214 с.
3. Анисимова Е.Е. Лингвистика текста и межкультурная коммуникация.- М., 2003. - 120 с.
4. Чигаев Д. П. Способы креолизации современного рекламного текста: автореф. канд. филол. наук. - М., 2010. - 24 с
5. Пойманова О.В. Семантическое пространство видеовербального текста: автореф. дисс. канд. филол. наук. – М., 1997. – 27 с.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СЮЖЕТТЕР

Диярова Гүлназ Құспанқызы

gso72@mail.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 3 курс студенті,
Ақтөбе, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – Г.С.Обаева

Қазіргі тәуелсіз Қазақстанның әдебиеттану ғылымында фольклорлық сарындардың әдебиетке барған сайын молырақ араласып, көркемдік дамуымызға жаңа өрнек, жаңа сапа қосып келе жатқанын зерттеу өз алдына бір тенденция болып қалыптасты деуге болады. Түркологтар фольклор мен жазба әдебиет арасының сан қилы аспектілерін айқындай түсуді тегеурінді түрде көтеріп келеді. Әдебиеттің көрнекті қайраткерлерінің шығармашылығына фольклордың ықпалы мәселесі тәуелсіздік алған жылдардан кейін кең қамтыла бастады. Сол арнаға бүгінгі біздің зерттеу объектіміз болып отырған, қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов шығармашылығындағы фольклорлық дәстүрлерді анықтауға арналған еңбегіміз де қосылар деген үміттеміз.

Фольклордың жанрлық теориясында этнографияның рөлі өте зор. Себебі этнографиялық материалдар фольклор жанрларының шығу тегін анықтау үшін ғана емес, фольклорлық жанрлардың көнеден бастау алған сипатын анықтау үшін де пайдалы. Өйткені жанрлардың да, сюжеттер мен мотивтердің де пайда болуы, олардың өмір сүру формалары мен өзгеру сипаты, даму, қалыптасу жолдары міндетті түрде тұрмыспен, болмыспен тікелей байланысты. Енді ең алдымен сюжет дегеніміз не? Сюжет жайында әдебиеттану мен фольклортану ғылымында айтылған пікірлер әр түрлі. Академик С.А.Қасқабасов бұл пікірлерді жүйелей келіп, былай дейді: «Фольклордағы сюжет дегеніміз – фольклорлық шығарманың негізгі оқиғалық қаңқасы, өзегі. Ол шығармадан бұрын пайда болып, одан тыс өмір сүре алады. Көркем шығармада, әсіресе, фольклорда, сюжет көбінесе болмыстың өзінен